

Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 06 желтоқсандағы № 10/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 27 желтоқсанда № 3566 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 6 қантардағы № 37/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 06.01.2015 № 37/2 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің атапы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 04.03.2013 № 14/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Е Т Т І:**

1. Қоса беріліп отырған Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 04.03.2013 № 14/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрайымы

хатшысы
«КЕЛІСІЛДІ»

Аршалы ауданының әкімі

Аршалы
2012

Аудандық
С.Жакенова

Ю.Сериков

Аудандық
T.Мұханбеджанов

аудандық

жылғы

0 6

мәслихат

мәслихаттың

мәслихатының
желтоқсандағы

**Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға
(азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету туралы
Қағидасы**

Ескерту. Қағиданың атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 04.03.2013 № 14/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы (бұдан әрі - Қағидалар) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемеңкі тарифінің көтерілуіне өтемеңкі төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Аршалы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 04.03.2013 № 14/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

Ескерту. Тараудың атауы жаңа редакцияда - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 04.03.2013 № 14/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен аудан аумағында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) ұсынылады:

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемін;

2) тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну төлемін;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөнінде шаралар қабылдауды;

4) алынып тасталды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 27.03.2014 № 25/7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне 15 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушилдер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 27.03.2014 № 25/7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 1 адамға 18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы 30 шаршы метр мөлшерінде қабылданады.

Электр қуатын беру нормасы бір адамға айна 75 киловаттан артық емес

б е л г і л е н с і н .

Жергілікті жылу берілетін жекеменшік үйлерде тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін есептеу үшін шығыны бір айға 1 шаршы метрге 199 килограмм мөлшері есепке алынады.

Аудан бойынша көмір бағасын есептеу үшін тұрғын үй көмегін есептеу тоқсанының алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдай бойынша орташа бағасы **қ о л д а н ы л с ы н .**

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып "Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі анықталды, бюджет қаражатын тарату бойынша уәкілетті орган болып "Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі анықталды.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу

4. Тұрғын үй көмегі аз қамсыздандырылған отбасыларға (азаматтарға) әр тоқсан сайын тағайындалады. Есептеулер ағымдағы тоқсанда жүргізіледі, ал отбасының өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары **есепке алынаады .**

Тұрғын үй көмегі ағымдағы толық тоқсанға тағайындалады.

Отбасының табыстары, тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтердің төлемдерінің тарифтері өзгерген кезде тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша орган бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеулер жүргізеді.

5. Тұрғын үй көмегі тұрғын үй иесі немесе жалға алушының (қосымша жалға алушының) құжаттар қоса берілген өтініші негізінде тағайындалады:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;

3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;

4) отбасының табыстарын растайтын құжаттар;

5) коммуналдық қызметтерді пайдаланудың есептері;

6) алынып тасталды - **Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 27.03.2014 № 25/7 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)** шешімімен ;

7) мұлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

8) телекоммуникация қызметтері үшін тубіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсету шартының көшірмесі;

9) жергілікті атқарушы орган ұсынған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу мөлшері туралы шоттар.

Күжаттардың көшірмелері салыстырып тексеру үшін тұпнұсқалармен бірге беріледі, одан кейін қүжаттардың тұпнұсқалары сол күнде өтініш берушіге қаитада.

Өзгерістер пайда болған жағдайда (тұрғын үй түрі, отбасы құрамы) өтініш беруші өзгерістер пайда болғаннан бастап он құнтізбелік күн ішінде уәкілетті органды хабардаш етеді.

Ескерту. 5 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 27.03.2014 № 25/7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Тұрғын үй көмегін өтініш берушіден қүжаттарды қабылдап алғаннан кейін он құнтізбелік күн ішінде қарайтын және тұрғын үй көмегі тағайындалғаны немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығаратын тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган тағайындейді.

7. Ақпараттың сенімділігінде күмән пайда болған жағдайда тұрғын үй көмегін төлеу бойынша уәкілетті орган өтініш берушіден немесе тиісті органдардан тұрғын үй көмегін алу құқығын растайтын қосымша мәлімет беруді сұрапайды.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмысалған шығыстарының шекті жол берілетін үлесі аспаған жағдайда уәкілетті орган тұрғын үй көмегін беруден бас тартады.

Ескерту. 7 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 04.03.2013 № 14/3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Az қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі төлемдерін уәкілетті орган екінші деңгейлі банктер арқылы тұрғын үй көмегін алушының, жеке шоттарына аударуды жүзеге асырады.

Тұрғын үй көмегін төлеу қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу

9. "Аршалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген

тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" бұйрығы негізінде есептейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК